

**"Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №66-8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2023 жылғы 4 мамырдағы № 3-2 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 мамырда № 5012 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі №7-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 15.09.2023 №7-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Тараз қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №66-8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4852 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

7 тармағындағы

мына:

"9 мамыр – Жеңіс күніне:

"Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;"

деген абзацтар жаңа редакцияда жазылсын:

"9 мамыр – Жеңіс күніне:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден кем емес мөлшерінде;"

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК